



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Мухаметкалиев Б.А. IPO как метод финансирования национальных компаний РК // Банки Казахстана. 2012г. №9 – стр.38
4. Кадыржан Дамитов. Перспективы развития казахстанского биржевого рынка. // Депозитариум 2011г. № 4(98) - стр. 25.
5. Инга Сангалова. Самые успешные и самые провальные «народные IPO» мира. <http://narodnoe-ipo.kz/2012/11/samye-uspeshnye-i-samye-provalnye-narodnye-ipo-mira/>
6. Алексей Минаев. Приватизации быть? // Рынок ценных бумаг. 2010г, ноябрь
7. Государство собирается предложить казахстанцам акции стабильных компаний // Казахстанская правда. 2012 г, 2 июнь.
8. <https://sk.kz/page/narodnoe-ipo>
9. Асель Сатаева. Названы причины упразднения программы "Народное IPO" в Казахстане. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazvaniy-prichinyi-uprazhneniya-programmyi-narodnoe-IPO-284213/
10. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000954v>
11. Өтінішберушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі №168 Қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007733>
12. Nasdaq «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына қолдау көрсетеді. 2016 жылғы 14 желтоқсан. // <http://www.aifc.kz/kz/news/38.html>

УДК 347

АЗАМАТТЫҚ ДАУЛАРДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ

Айдарбеков Нысанбек

Nisanbek_kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заңфакультетінің 3курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т.Төлеубеков

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев судьялардың VI съезінде: «Біз Қазақстан – 2050 стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді әділ шешуі керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан» [1]. Партиципативтік рәсімде судья жан-жақты дауды зерттеп болғаннан кейін, шешім шығармастан бұрын екі жақтың өзара келісімге келуіне қорғаушылармен бірге уақыт береді. Татуластырумен медиаторлар ғана емес, сонымен қатар, бірінші және апелляциялық инстанция судьялары мен адвокаттар да айналысатын болады. Міне осыны «партиципативтік рәсім» деп атаймыз. Биылғы жылдан бастап шешім шығаруға кенесу бөлмесіне кетердің алдында партиципативтік рәсімін қолданып, тағы да татуласуға жағдай жасалынып отыр.

2015 жылғы 31 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу деген ұғым кіргізілді [2]. Аталған кодексте тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не азаматтық процестік кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады деп көрсетілген.

Осыған сай, татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша берілуі мүмкін деп аталып кеткен.

Партиципативтік рәсім қалай жүзеге асады десек, бұл екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі. Осы рәсімді жүзеге асыру барысында іс жүргізуінде іс жатқан судья (сот құрамы) дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және азаматтық процестік кодекстің 177-бабына сәйкес оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер тараптар партиципативтік рәсім тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісім шартын бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Азаматтық процесте партиципативтік рәсім – бұл келіссөздер процесі тараптар арасындағы дауды міндетті түрде олардың адвокаттар судьяның қатысуынсыз қатысуымен, реттеу мақсатында өзара қолайлы шешімге қол жеткізу және іске асырылатын тараптардың ерікті келісімімен іске асады. Партиципативтік рәсім тараптарымен жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Партиципативтік рәсімді қолдану саласы, азаматтық-құқықтық азаматтық қатынастардан туындайтын даулар, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан қатысуымен жеке және (немесе) заңды тұлғаларды қоспағанда, жария-құқықтық дауларды, егер заңдарында өзгеше белгіленбесе, болып табылады. Бұл рәсім бітімге келу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетуге бағытталған, яғни жалпы қоғамдағы тұрақтылықты, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге, қоғамның заңға құрметпен қарауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Азаматтық процеске партиципативтік рәсімді енгізудің мақсаты – екі тарапты да қанағаттандыратын тәсілмен дауды шешу болып табылады. Сонымен қатар, бұл тараптадың дауласу деңгейінің төмендеуіне, дау тудыратын жағдайларды шешу арқылы тараптар арасында тұрақты қарым қатынас қалыптастыруға әкеледі. Келесі айта кететін жайт, татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту және реттеу – ҚР азаматтық процестік кодексі жаңашылдықтарының бірі болып табылады. Кодекс бойынша дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібі, соттағы бітімгершілік рәсімдері кеңейтілді. Адвокаттардың кәсіби өкілдігіне жол ашып, тараптардың татуласуына кедергі жасайтын процеске қатысушы жосықсыз адамдардың қызметін шектейтін сот медиациясы және партиципативті рәсім енгізілді. Татуластыру рәсімдеріне тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап, не азаматтық процестік кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде, не бір бөлігінде реттей алатыны көзделген.

Партиципативтік рәсімдер – татуластыру рәсімдерінің жаңа түрі, бұл рәсім екі тарап адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі. Партиципативтік рәсім тараптардың татуласуы бойынша олардың мүдделерін ескере отырып, салмақты шешім қабылдауға жәрдем береді. АПК-тің 181-бабына сәйкес тараптар АПК 179-бабында көзделген қағидалар бойынша сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы. Алайда партиципативтік рәсімді өткізудің татуласу рәсімдерінің басқа түрлеріне қарағанда нақты процестік сатысы көрсетілмеген.

Дауды партиципативтік келісім арқылы реттеу тиімді. Мемлекет басшысы Нұрсылтан Назарбаев Ұлт жоспарында елдегі заң үстемдігін қамтамасыз етуге арнайы тарау белгілеп саланы дамытуға айырықша көңіл бөлген. Құжатта көрсетілген тапсырмалар бүгінде рет ретімен орындалып келеді. Азаматтық процесстік кодекс-осы стратегиялық жоспарды уақтылы әрі тиімді іске асыру мақсатында өмірге келген заңның бірі.

Жаңа Азаматтық процесстік кодекске 2015 жылғы 31 қазанда ел Президентті Нұрсылтан Назарбаев бұқаралық ақпарат құралдарының алдында жариялы түрде қол қойғаны есімізде. Заңнаманың маңызына тоқталған Елбасы жаңа Азаматтық процесстік кодекс құқық саласына түбегейлі жақсартатынын айтқан болатын. Шынында да, кодекс заң үстемдігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосуда. Айтарлық қазір азаматтық-құқықтық даулар қаралатын істерге прокурорлардың қатысуы қысқарды. Енді мемлекет мүддесі қорғалатын болмаса азаматтар өз құқығын қорғауға дәрменсіз болғанда ғана сот отырысына прокурорлар қатыса алады. Сондай ақ жаңа кодекс соттарының қарауындағы істерді оңтайландырып, жаңа мән жайларға байланысты істі қайта қарау тәсілін енгізгенін, дауларды татуластыру рәсімімен шешу тетіктерін кеңейткенін айта кеткеніміз жөн.

Әсіресе, сот сатыларының оңтайландырылуы қазірдің өзінде қарапайым азаматтардың көңілінен шығып отыр. Аралықтардың азаюы азаматтардың, соттың да уақытын үнемдеуге ықпал етті. Бұған қоса, бұл кодекс дау-жанжалдарды сотқа дейін бітіру рәсімін кеңейтуімен ерекшеленіп отыр. Құжатқа «Дауларды соттан тыс реттеу» деп аталатын жаңа тарау енгізілген. Кодексте дауларды шешудің балама тәсілдері мол қамтылған. Заңнамада орын алған өзгерістердің нәтижесінде азаматтар Азаматтық процесстік кодексте белгіленген тәртіпті пайдалана отырып татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасай алады. Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейінгі уақытта, сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ, сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы қарастырылған. Келісімді жазбаша түрде дайындап, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Бұл құжатта келісімді орындау мерзімі мен тәртібі міндетті түрде көрсетілуі шарт. Және азаматтар өз шарттарын қойып, оған өзара келіскен жағдайда ғана татуласу келісімін сот бекітеді. Жалпы, тараптардан түскен өтінішті қарау нәтижелері бойынша келісімді бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарымды шығару соттың құзырында екенін де есте ұстағанымыз жөн. Ал, дауды партисипативтік келісім арқылы реттеу – Азаматтық процесстік кодекстегі айтулы жаңалық. Партисипативтік рәсім-дауласушы екі тарап адвокаттарының келіссөздерді судьяның қатысуынсыз жүргізу арқылы ортақ келісімге келтіруге қол жеткізуі. Қазір бұл тәсілдер сот тәжірибесінде жиі қолданылуда. Азаматтардың медиаторлардан гөрі өз адвокаттарына сенетінін белгілі. Ендеше қорғаушылар мүдделілік танытса алдағы уақытта партисипативтік рәсіммен бітетін істер де көбейер деген ойдамыз [3, 2 б.].

Соңғы кезде азаматтық істер бойынша қаралатын судьялардың жүктемесінің көптігінен осы институт енгізілді. Судьялар істі аз уақыттың ішінде тез қарауы салдарынан қоғамда қаралған істің сапасыздығы туралы сұрақтар жиі кездеседі. Сондықтан да, судьялардың жүктемесін азайту үшін және азаматтық істер бойынша қарайтын судьялар сапалы да, объективті шешім шығару үшін осындай дауларды партисипативтік тәртіппен реттеу институтын енгізу қажет болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей судьялар сотта партисипативтік рәсімдеу тәртібімен істі тәжірибеде қолдана бастады. Бірақ, азаматтық іс бойынша тараптар партисипативтік рәсімдеу тәртібімен көп жағдайда келісімге келе береді деп ойламаймыз. Себебі адвокаттың қатысуымен қаралғандықтан біз білетініміздей адвокатқа да белгілі жұмысы үшін еңбекақысы төленуі қажет. Ал қазіргі таңда біздің елімізде дағдарыс кезінде бұл өзекті мәселе болып тұр деп ойлаймыз. Сонымен, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе заңды тұлғалар арасында ондай сұрақтар туындамауы мүмкін. Бұл жай қарапайым жеке тұлғалар арасында мәселе болып қалады. Әрине, партисипативтік рәсімдеу тәртібімен іс қарау жаңа институт болғандықтан тәжірибеде оның қалай дамып жатқанының біраз уақыт өткеннен кейін ғана байқауымызға болады.

Әрине Азаматтық процесстік кодексінің жобасын талқылау барысында партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімі ақылы нысанда арнайы семинарлар өткізілді. Бірақ біздің ойымызша, партисипативтік рәсімнің реттеу тәртібі туралы келісімнің қарапайым халыққа қолжетімді болу үшін ақысыз семинарлар өткізілетін болса және әртүрлі

арнайы бағдарламаларда көрсететін болса, ол болашақта жақсы дамитын еді. Партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім – бұл тараптардың міндетті түрде адвокаттың қатысуымен белгілі бір екі жаққа да тиімді келісімге келуі және екі жақ та белгілі бір тиімді нәтижеге қол жеткізулері керек [4, 67 б.].

Біздің елімізде азаматтық процесте тараптардың арасындағы партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім алғашқы рет қолданылып келеді. Қазіргі таңда балама жолдармен дауларды шешуде медиация институты енгізілген және тәжірибеде жүзеге асырып келеді. Сондықтан да әртүрлі балама жолдармен дауларды шешу тәртібі елімізде дамыған сайын соттың істі сотта талқылау кезіндегі объективті және дұрыс шешімін шығаруына және тараптардың құқықтарының толық сақталуына кепілдік береді деп ойлаймыз. Партиципативтік рәсім «Заманына қарай заңы» дегендей қоғам өсіп, дамыған сайын заңды жаңарту қажеттілігі туады. Осыған орай, Заңдар да әрдайым толықтырылып, артық-кемі түзеліп отырылуы тиіс.

Мәңгілік елдің мақсаты ел ішінде татулық пен тұрақтылықты сақтау болса, кез келген дауды бітімгершілікпен аяқтау осы мақсатқа жетудегі бір арна болмақ. Болашақта бізде де өркениетті елдердегідей құқық бұзушылық оқиғалары басым түрде сотқа дейінгі тәртіппен, яғни, медиация және партиципативтік рәсімдермен шешіледі деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оразғалиева С. Жаңартылған азаматтық процестік кодекстің сот төрелігін қамтамасыз етудегі рөлі // Заңгер: Қазақстан Республикасының құқық жарғысы. – 2016. – № 5. – Б. 79-81.
2. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі
3. Кiekбаева Ш.Н. Дауды партиципативтік келісім арқылы реттеу тиімді // Заң газеті. – 2016. – 20 қыркүйек (№103(2881)). – Б. 2.
4. Асылбекова А.А. Тараптардың арасында туындаған дауларды: партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеудің ерекшеліктері // Құқық және мемлекет. – 2016. – № 1 (70). – Б. 67.

УДК 347.78

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ АВТОРСКИХ И СМЕЖНЫХ ПРАВ

Айтпекова Камила

Студентка 2-го курса факультета экономики и права Государственный университет им.

Шакарима, Семей, Казахстан

Научные руководители – А.Д. Толысбаева, С.Ж. Смоилов

К числу личных неимущественных правомочий автора относятся: право на авторское имя, на неприкосновенность произведения, право на опубликование произведения.

Считаясь с необходимостью охранять интересы общества, авторское право не превращает субъективных правомочий автора в безграничные, не допускает превращения авторских правомочий в источник антиобщественного произвола автора.

Имущественное правомочие автора обеспечивает ему возможность получить от общества вознаграждение за свой полезный труд. Это правомочие получает выражение, например, в праве автора получить вознаграждение по издательскому договору за свое использованное обществом произведение [1, с. 34].

В подавляющем большинстве случаев неимущественные личные правомочия автора теснейшим образом переплетаются и сочетаются с его имущественным правомочием. Поскольку авторское право регулирует имущественные отношения, справедливо отнесение авторского права к области именно гражданского права в качестве его института.